

АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Республика күні қарсаңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен университетіміздің оқытушысы, профессор, журналист, сазгер, бірнеше танымал әндердің авторы Бекжігіт Сердәлі «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік медалімен марапатталды.

Оқу ордамызда Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Тұран-Иран» ғылыми-зерттеу орталығының директоры ф.ғ.к., профессор Ислам Жеменей студенттермен – «Н.Оңдасынов – Тіл және сана кеңістігі» тақырыбында кездесу өткізді.

Ислам Жеменей филология факультетінің ұйымдастыруымен өткен басқосуда түркі әлемінің тыныс тіршілігі және өткен тарихына тоқталып, болашақ жайлы тың ойларымен бөлісті.

29-қазанда университетімізде Түркия Республикасының құрылғанына 101 жыл толуына орай салтанатты кеш өтті.

Жиын Түркия Республикасының негізін қалаушы Мұстафа Кемал Ататүріктің және оның майдандастарының, сондай-ақ Қазақстанның тәуелсіздігі үшін жан кешкен шейіттердің рухына тағзым етіп, үнсіздік сақтау рәсімімен басталды.

Студенттеріміз Қожа Ахмет Ясауи хикметтерін жатқа айту сайысында жүлделі орындарды өзара бөлісіп алды.

Таяуда Түркістан қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Диуани хикмет» атты Қожа Ахмет Ясауи хикметтерін жатқа айту аймақтық байқауы өтті. Сайысқа Теология факультетінің 4 студенті қатысты.

Байқаудың қорытынды нәтижесі бойынша Хавасханова Салихабану – бас жүлде, Тәуекел Алтын – I орын, Мәулен Мухсина – II орын, Мәулен Хасан – III орын иеленді.

Бас жүлде иегері – Хавасханова Салихабану Хавасханқызы 300 мың теңге ақшалай сыйлықпен марапатталды. Сондай-ақ жеңімпаздан басқа жүлдегерлер де ұйымдастырушылар тарапынан ақшалай сыйлықтарға ие болды.

Жуырда университетімізде студенттерді 1-курс қатарына қабылдауға арналған «AYU FEST» салтанатты кеші өтті.

Іс-шараның мақсаты – студенттерді университет өмірі және дәстүрлерімен таныстыру, жаңа ортаға бейімдеу.

УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ «ЯСАУИ ЭНДАУМЕНТ» ҚОРЫ АШЫЛДЫ

Кеше оқу ордамызда «Терең тарихтан – жарқын болашаққа!» атты II Түлектер форумы өтті. Айтулы жиынға бүгінге дейін оқу ордамызда білім алған түлектер мен ардагер ұстаздар және студенттер, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Түлектер форумы аясындағы ең маңызды шара – «Ясауи Эндаументі» қорының ашылуы. Айта кетейік, қор – университет түлектерінің бастамасымен құрылды.

Эндаумент – көптеген шетелдік және отандық университеттерде бұрыннан пайдаланылатын, университеттік қауымдастықты (білім алушылар мен ОПК) қолдауға арналған мақсатты қор.

Қордың негізгі мақсаты – университет үшін стратегиялық маңызды жобалардың қаржылық

болашағы үшін үлкен мүмкіндік. Бұл бастама – оқу ордамыздың тұрақтылығын қамтамасыз етіп, оның ары қарай дамуына септігін тигізетін қор болады деп сенеміз. Қорға қосқан әр үлес – университетіміздің өркендеуіне, оның әлемдік деңгейдегі білім мен ғылыми зерттеу орталығына айналуына сеп болмақ. Осы игі іске ат салысқан баршаңызға алғыс білдіремін!», - деді.

«Қазақстан Халық банкі» АҚ Түркістан облыстық филиалының директор орынбасары Нұрбол Нұсқабеков:

«Күні кеше ғана қордың соңғы құжаттарын рәсімдеп, Эндаумент қорының шотын ашып, QR қосымшасын әкелдік. «Халық банк» бағдарламасы арқылы, қорға өз үлестеріңізді қоса аласыздар.

Халық банктің филиалдарында сіздердің түлектеріңіз де қызмет атқарады. Қатарымыздағы түлектер саны

жыл сайын артуда. Бұл үлкен қуаныш! Халық банк – серіктес банк ретінде университетке әрдайым демеушілік көрсетеді. Алдағы уақытта қорға да үлес қосамыз деген сенімдеміз!», - дей келе, қордың QR нұсқасын Мариям Асановаға салтанатты түрде табыстады.

«Ясауи Эндаументі» қоры жұмысын бастаған сәттен-ақ, оған үлестерін қосқан түлектер көп болды.

Алғашқылардың бірі болып, 1995 жылғы түлектер қауымы қорға 10



тұрақтылығын қамтамасыз ету. Қордың міндеті – қайырымдылықты көптеп тарту арқылы капиталды қалыптастыру мен ұлғайту. Алынған инвестициялық табысты түрлі гранттарға, студенттік стипендияларға, ғылыми жобаларға жұмсау. Сондай-ақ, талантты да дарынды студенттерге қолдау көрсету.

Айтулы қордың ашылуы – оқу орда тарихында қалатын қуанышты жаңалықтың бірі.

Қордың құрылтайшылары – 2001 жылғы түлек, Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоров Еділ Төлегенов пен 1996 жылғы түлек, Түлектер қауымдастығының төрағасы Мариям Асанова. Ал, қордың Қамқоршылық Кеңес мүшелері: «Білім, ғылым және мәдениетті үздіксіз жетілдіру» Халықаралық қауымдастығының президенті Бақдаулет Бегалиев, Түркістан облыстық Кәсіпкерлер палатасының директоры Асылан Ибадуллаев, журналист, Түркістан «Turkistan» Медиа Холдингінің Халықаралық жобалар бөлімінің продюсері Самат Сүлей.

Қордың Қамқоршылық Кеңес мүшесі Асылан Ибадуллаев:

«Құрметті түлектер мен студенттер, барлығыңызды салтанатты сәтпен құттықтаймын! Эндаумент – әлемде дамып жатқан аса маңызды қор.

Қор алдағы уақытта ғылыми жобалар мен студенттердің гранттарына септігін тигізеді. Бұл өте үлкен қажеттілік, әрі қайырымды іс. Қор қаржысы тиянақты түрде игі істерге жұмсалады деп сенеміз! Ясауи университеті үлкен жетістіктерге жете берсін!», - деді.

Келесі кезекте, Қордың құрылтайшысы, Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоров Еділ Төлегенов:

«Бүгін – университет тарихындағы маңызды күн деп білеміз. Себебі университетімізде Эндаумент қорының ашылуы – білім-ғылым жолында, студенттердің



миллион теңге аударды. Бұл туралы «Білім, ғылым және мәдениетті үздіксіз жетілдіру» Халықаралық қауымдастығының президенті Бақдаулет Бегалиев мәлімдеді. Ол өз құттықтауында:

«Біз 1991 жылы оқуға түсіп, алғашқы түлектер қатарында болдық. Бүгінгі таңда елге қызмет етудеміз. «Ясауи Эндаументінің» құрылғанына өте қуаныштымыз! Университеттің жоғары жетістіктерге жетуіне, студенттерге мол мүмкіндіктер ұсынуын тілейміз!», - деді.

Осылайша, тұсауы жаңа кесілген қорға оқу орда жана-шырлары, әр жылдары бітірген түлектер мен студенттер де үлес қосып бастады

Нұрай ИСАНХАН

АҚПАРАТ

АХМЕТ ЯСАУИ МЕН НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТТЕРІНІҢ ОРТАҚ ЖОБАСЫ ТҮРКІСТАНДА ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ

Жуырда Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде Назарбаев университетінің Жоғары білім беру мектебінің бастамасымен, оқу ордамыз мен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі бірлесе ұйымдастырған «Academic Leadership Institute: Deans' School» атты декандардың кәсіби дамуына арналған жаңа бағдарлама жалғасын тапты.

Үстіміздегі жылдың 25-29 қыркүйегі аралығында Астана қаласында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ұйымдастыруымен «Академиялық көшбасшылық институты: декандар мектебі» курсы басталған еді. Осы шараның жалғасы ретінде Ахмет университетінің базасында: «Білім беруді цифрландыру», «Студенттердің жетістіктері» және «Таланттарды басқару» модульдері өткізілді.

Бұл іс-шара университет декандарының біліктілігін арттыруға және олардың академиялық саладағы көшбасшылық құзыреттерін нығайтуға бағытталған. Ясауи университетінде 3 күнге созылған жиын барысында Назарбаев университеті оқу бағдарламаларын әзірлеудегі тәжірибесімен, сондай-ақ магистратура мен докторантура бағдарламаларын жобалаудың артықшылықтарымен бөлісті. Курс академиялық менеджмент пен инновация-

білім беру департаментінің директоры Жаңыл Жонтаева бағдарлама қатысушыларын құшақ жая қарсы алып, қонақжайлықтың үлгісін көрсеткен ректор Жанар Темірбекова мен оқу орда ұжымына алғыс білдірді.

Айта кетейік, оқу ордамызға Қазақстанның педагогикалық, техникалық, ұлттық, медициналық және жекеменшік жоғары оқу орындарынан, сондай-ақ Қырғызстан университеттерінен іріктелген 80-нен аса қатысушы келді.

Кәсіби шеберлікті дамытуға бағытталған ауқымды жоба үлкен қызығушылық тудырды – Қазақстанның педагогикалық, техникалық, ұлттық, медициналық және жекеменшік жоғары оқу орындарынан, сондай-ақ Қырғызстан университеттерінен 170-тен астам өтінім түсті. Іріктеу процесі барысында аналитикалық эсселерді бағалау және бейне сұхбаттар нәтижесінде 80 қатысушы таңдалды. Олардың қатарында Ахмет Ясауи университетінің іріктеуден өтіп, бағдарламаға қатысуға мүмкіндік 7 ғалымын айтсақ болады.

1. Исаев Ғани Исаұлы
2. Нұсқабаева Гүлназ Оразбекқызы
3. Масадиков Хайрулла Ғайбуллаұлы
4. Бостанова Ардақ Мұратқызы
5. Саржанов Фахриддин Нұрмахамедұлы
6. Ағабекова Ақтолықын Бекарысқызы



ны, озық тәсілдер мен технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектті пайдалану және тұрақты өзгеретін ортада этикалық тәжірибенің жоғары стандарттарын сақтау мәселелерін талқылады. Пленарлық мәжілісте ғалымдар құнды баяндамаларын оқып, тәжірибелерімен бөлісті. Еліміздің әр түкпірінен Түркістанға келген декандар 10-12 қазан аралығында «Білім беруді цифрландыру», «Студенттердің жетістіктері» және «Таланттарды басқару» модульдері бойынша біліктілік арттырды.

Бағдарламаның мақсаты – қазақстандық жоғары оқу орындары көшбасшыларының кадрлық резервін дайындау. Тыңдаушыларда тұрақты өзгерістер жағдайында факультеттерді тиімді басқаруға, инновациялық тәсілдер мен технологияларды табысты біріктіруге, сондай-ақ этикалық практиканың жоғары стандарттарын қолдауға мүмкіндік беретін құзыреттерді дамыту да көзделді.

Декандар мектебі аясында оқу орнымызға келген қонақтарды «Атамекен» ұлт-аспаптар ансамблі сазды әуен қарсы алып, керемет көңіл-күй сыйлады. Сондай-ақ, Қазақстан мен Қырғызстаннан келген бағдарлама қатысушылары «Түрік әлемінің тарихи панорамалық» мұражайын аралады. Оқу орнымыздың Студенттік театры «Ясауи жолы» тарихи-драмалық қойылымын сахналады. Көрермендер болашақ актер студенттеріміздің өнері мен қабілетіне тәнті болды.

Сондай-ақ, ХҚТУ Ботаникалық бағының өндірістік цехте дайындалған өнімдері таныстырылды.

Жиынның ашылу рәсімінде арнайы сөз алған университет ректоры Жанар Темірбекова: «Құрметті қонақтар, қасиетті Түркістан шаһарына қош келдіңіздер! Аз уақыт бұрын, өздеріңізбен бірге Назарбаев университетінде декандар мектебінің ашылу салтанатын өткіздік. Ал бүгін Түркістанда, университетіміздің кампусында бағдарламаның 3-модулін бастаймыз. Бүгінгі жиынға 34 жоғары оқу орынынан 80-нен аса декан қатысуда. Әр декан – ұжымды басқарып қана қоймай, студенттер және олардың ата-аналарымен байланыста болатын, 1000-нан аса адамға ықпал ететін тұлға. Сондықтан декандарға бағытталған бұл бағдарлама үлкен маңызға ие. Декандар мектебіне серіктестік жасау ұсынысы түскенде қуана қабыл алдық. Осы тұста, Назарбаев университетіне алғысымызды білдіреміз!

Қазақстандық жоғары оқу орындарына өзара бәсекеден гөрі, ынтымақтастық қарым-қатынас орнату көбірек жарасады. Әр оқу орданың өзіне тән ерекшелігі мен артықшылықтары бар. Ең бастысы, осы ортада бір-біріңізбен тәжірибе алмасып, атқарған жұмыстар мен алда жүзеге асыратын істер туралы пікір алмасу жүреді деп сенеміз!», - деді.

Құттықтау сөз кезегін алған ректор өкілі м.а. Наджи Генч: «Құрметті қонақтар, әріптестер, сіздерді оқу ордамыздың төрінде көргенімізге қуаныштымыз! Бағдарлама аясында бірлесе жұмыстар атқарып, пайдасы мол әрі маңызға ие жобалар жүзеге асады деп сенеміз!», - деді.

Ал «Назарбаев Университеті» ДББҰ жоғары білім беру мектебінің қосымша

7. Омарова Балнұр Әділбекқызы

Ұйымдастырушылардың сөзіне қарағанда, бағдарлама әзірлеу барысында жан-жақты талдаулар негізге алынған. Еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарындағы декандардың лауазымдық сипаттамасы мұқият бағаланды. Сондай-ақ «Kozybayev University», «Narxoz», «Kimer» және Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті секілді оқу орындарының академиялық көшбасшыларымен фокус-топтық талқылау жүргізілді. Бұл талдаулар бағдарламаны қазіргі декандардың алдында тұрған негізгі мәселелерді шешуге бағыттауға мүмкіндік бермек. Жоғары оқу орындарындағы декандар мен кафедра меңгерушілері студенттермен тығыз байланыста жұмыс істеп, олардың ғылыми дамуына жағдай жасайды. Сондықтан жоғары білімнің сапасын арттыруға декан мен деканатқа баса назар аудару керек.

Еліміздегі іргелі екі жоғары оқу орнының ортақ жобасы Қазақстан мен Қырғызстанның жоғары оқу орындарынан келген 80-нен астам проректор, декан, департамент директорлары мен ғалымдардың басын қосты.

Қатысушылар университет базасында «Білім беруді цифрландыру», «Студенттердің жетістіктері», «Таланттарды басқару» модульдері бойынша біліктілік арттырып қана қоймай, рухани байланысты да нығайтты.

2024 жылдың қыркүйек-желтоқсан айлары аралығында өтетін оқыту жобасы орта деңгейдегі академиялық көшбасшылардың қуатты тобын қалыптастыруға бағытталған. Бағдарлама университеттік факультеттер мен департаменттерді басқарудың стратегиялық және практикалық аспектілерін қамтитын негізгі салалар бойынша модульдерді ұсынады. Тыңдаушылар білім сапасын басқару, цифрлық трансформация, жасанды интеллект, оқу бағдарламаларын әзірлеу, стратегиялық жоспарлау, таланттарды басқару және корпоративтік мәдениет сияқты негізгі бағыттарда білім алады. «Deans' School» ұлттық және халықаралық сарапшылардың қатысуымен аралас форматта өткізіледі, бұл бай әрі жан-жақты оқыту тәжірибесін ұсынады.

Бағдарлама негізінен 9 модульден тұрады:

1. Білім беру сапасын басқару;
2. Білім берудегі академиялық қызмет және инновация;
3. Білім беруді цифрландыру;
4. Білім берудегі стратегиялық жоспарлау және басқару;
5. Өзгерістер жағдайында көшбасшылық және басқару;
6. Студенттердің жетістіктері;
7. Таланттарды басқару;
8. Зерттеулерді басқару;
9. Институционалдық мәдениет және этика.

Қорыта айтқанда, «Декандар мектебі» бағдарламасы еліміздегі жоғары білім беру саласына айтарлықтай өзгеріс әкелмек.

Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

ҚЫРАН ЕЛІМ - ҚАЗАҚСТАНЫМ

Республика күні – бұл еліміздің мемлекеттілігі жолындағы алғашқы тарихи қадам болып есептеледі. Бүгінгі таңда елімізде ел тәуелсіздігі жолында біршама іс атқарылып келеді. Айтса ауыз толарлықтай «тау» дүниелер, тарам-тарам... Осы орайда қаламыздағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық

болып, Қазақстанның басқа да халықтармен бірігіп өмір сүруі-егеменді елдің ерекшелігін көрсетеді. Қашан да «қазақ» деп соққан қайрат-жүрек әрдайым әрі қарай әрлене бермек. Жастардың осы тұста жоғарыда атап өткендей толағай табыстарға жетуі – жасампаздықтың жаңа тұстары болмақ. Сондықтан да осы кештен түйгенім: терең ойлап, тамыры мықты



қазақ-түрік университеті аумағындағы «Рәміздер» алаңында қала көлемінде ұйымдасатырлған ауқымды іс-шара болып өтті. Іс-шараның мақсаты – елдік және егемендік тұсындағы маңызды дүниелерді таныту, еліміздің кешегісі мен бүгінгісін бағдарлау және ертеңге «ерен» боларлықтай жоспар құру. Кеш барысында әскери оркестрмен әуен төгіліп, велошабандоздар келіп, керемет кешті одан сайын көркейте түсті. Әнұран орындалып, орынды тілектер айтылды. Түркістан облысының әкімі Дархан Амангелдіұлы келіп сөз сөйлеп, осы орайда жастар елдің ертеңі екенін айрықша атап өтіп, ыстық лебізін білдірді. Бұл күн ерекше сезіммен қарсы алатын көңілді күн. Біртұтас мемлекет

елімнің ертеңіне үлес қосуым, парызы болып саналмақ. Кеш соңында велошабандоздарды марапаттап, бүгінгі күннің кереметтілігін кемел ете түсті.

«...Әр қазақ менің жалғызым» демекші... Осындайда жүрек тұсы көрнеп, қазақ болып туылғанына мақтанбайтын адам болмас. Шараның өзі де осыны еске түсіргендей болды. Жаса, мәңгі, жасай бер, жайна, Қазақстаным!

Арсен Маккан,
1-курс студенті.

Мехмет:

«ТІЛДІК ҚИЫНДЫҚТАР КЕДЕРГІ ЕМЕС»

Әлемнің әр нүктесінен білім үшін келген студенттердің Қазақстанда оқып, білім алуы мәдениетіміздің дамуына зор үлес қосады. Шетелдік студенттермен сұхбаттасу арқылы біз олардың мәдениеті мен дәстүрімен және тіршілігімен танысамыз.

Әр елдің білім беру жүйесі әртүрлі. Шетелдік студенттер үшін Қазақстандағы оқу үдерісінің өз ерекшелігі бар. Ресей, Қытай, Ауғанстан, Түркия елдерінен келген студенттер қазақ тілінің қиын екенін айтады. Иә, шетелдік студенттер үшін басты қиындықтардың бірі - тіл. Көптеген студенттер қазақ немесе орыс тілін меңгеруде қиындықтарға тап болып, тілдік кедергілер әлеуметтік өміріне де әсер еткенін айтады. Осы ретте түркиялық досымыз Мехметпен сұхбаттасқан едік.

– Мехмет, Қазақстан мен Түркияның қонақ күтуі және дәстүрі ұқсас па?

– Қазақстанға алғаш келгенде қатты қуандым, себебі бұл менің Қазақстанды алғаш рет көруім. Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдениет біраз ұқсас болғандықтан, өз елімде жүргендей сезіндім. Адамдары жылы қарсы алды, қонақжайлылығы қатты ұнады. Біздің елде үйге келген қонаққа міндетті түрде шай береміз, қазақтардан да бұл дәстүрді көрдім. Бірақ салт-дәстүрге келгенде ерекшеліктерді байқадым. Мысалы, түріктерде қыз ұзатар алдын тек қыздар болып жиналып, қалыңдықтың қына кешін өткізеді. Содан соң қалыңдықтың алақанына қына жағылып, әйелдер қалыңдықты айнала ән шырқайды. Қазақтардың қыз ұзату тойында болдым. Сіздерде ең алдымен ұл жақ қызға сырға салып, содан соң үлкен етіп ұзату тойын жасайды екен.

– Тіл меңгерудегі қиындықтарды жеңу үшін қандай жол таптыңыз?

– Тілдік қиындықтарды жеңу үшін біз түрлі тәсілдерді қолданамыз. Қазақ және орыс тілдеріндегі курстарға қатысамыз, жергілікті студенттермен жиі қарым-қатынас жасаймыз және күнделікті өмірде қазақша сөйлеуге тырысамыз. Бұл тілдік қиындықтарды жеңу барысында басқа студенттермен қарым-қатынасы және өзін-өзі дамытуына үлкен әсер етеді. Жаңа елге келгенде шетелдік студенттер үшін жаңа орта табу және жаңа мәдениетке бейімделу маңызды. Кейбір студенттер үшін бұл үдеріс оңай болса, басқалары үшін қиындықтар туындауы мүмкін. Алайда, бірақ бұл тәжірибелер бізді дамытады.

– Сабақтардан қиналғанда оқытушылар және студенттер тарапынан қолдау бол-

ды ма, көмектесе ме?

– Иә, оқытушыларға ырза болдым, түсінбегендерімізді қайта түсіндіріп керек десеңіз, арнайы оқу әдісімен оқытты. Сол әдістермен өткен сабақтар өте қызықты әрі түсінікті болды. Мендегі қиындық ол - тіл болғандықтан, түрік тілін білетін қазақ студенттер біраз көмек берді. Олармен сөйлесіп дос болып алдым және қазақ тілін де меңгеріп алдым.

Қорытындылай келе, шетелдік студенттердің Қазақстанға алғаш келген кездегі қазақ халқының қонақжайлылығы мен мәдениетаралық ұқсастықтары студенттерге тезірек бейімделуге көмектеседі. Қазақстан шетелдік студенттер үшін жаңа мүмкіндіктер мен тәжірибелер ұсына отырып, олардың дамуына қолайлы орта бола алды.

Сұхбаттасқан: Аяулым МАДИХАН,
1-курс студенті.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН - ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ҚАРЛЫҒАШЫ

Биыл белгілі ақын, жазушы, қазіргі қазақ әдебиетінің негізін құраушы, қоғам, мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130-жыл толды. Мерекеге орай қаламыздағы Фараб кітапханасының ұйымдастыруымен Сәкен Сейфуллин атындағы №4 мектеп лицейінде айтулы іс-шара өтті. Шараның басты мақсаты - ақынның сыршыл лирикасының табиғатын таныту, оқушылардың мәнерлеп оқу дағдыларын жетілдіру. Жас ұрпақты еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігі

үшін күрескен, Алаштың ардақтысы Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармаларын оқып-білуге баулу, ақынның өз заманындағы саяси-қоғамдық көзқарасын таныта отырып, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу. Іс-шараны ашып беру үшін сөз Түркістан облыстық “Фараб” әмбебап ғылыми кітапханасының бұқаралық көрмелік іс-шаралар секторының меңгерушісі Пернекүл Нәлтаеваға берілді. Іс-шарада С. Сейфуллин атындағы мектеп-лицейінің мұғалімі Қасқырбай



Төлешов ақынның сөзіне жазылған “Тау ішіне” әнін орындап, оқушылар өлең шумақтарын мәнерлеп оқып шықты. Кеш қонақтары: жас ақын “Түркістан газетінің” тілшілері Дәурен Тілеухан мен Азамат Әлібек, сонымен қатар жас ақын, журналист, “Оңтүстік Қазақстан” газетінің тілшісі Бауыржан Ерман келіп өздерінің өлеңдерін де оқып, іс-шараны одан әрі гүлдендіре түсті. «Дәл осы іс-шараны ұйымдастыру алдын-ала жоспарымызда болған, дегенмен де шараны Сәкен Сейфуллин мектебінде өткізу, мекеме басшысы Рая Ибадуллаеваның ұсынысы болды. Себебі, мектептің ішінен үлкен зал ашылғалы жатқандықтан, ауқымды іс-шара өткізуді қолға алдық» - дейді Фараб кітапханасының іс-шаралар секторының меңгерушісі Пернекүл Нәлтаева. Кеш соңында іс-шараның дамуына өз үлестерін қосқан барша ұстаздар мен оқушыларды, кеш қонақтарын марапаттап, Фараб кітапханасы өз алғыстарын білдірді.

Айдана САРМАНБАЙ,
1-курс студенті.



СТУДЕНТ ПІКІР АЙТАДЫ



Студенттер беті

АУДИТОРИЯ

ЕҢБЕК АДАМЫ – ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ

Біздің айналамызда күнделікті еңбек етіп, айналамаздың тазалығы мен жайлылығына жауап беретін адамдар бар. Ол - еден жуушы апайлар. Олардың жұмысы көбінесе көзге көрінбейтін болғанымен, бізге ыңғайлы, жайлы орта қалыптастыруға көмектеседі. Еден жуу жұмысы - тазалықты ғана емес, сондай-ақ сабырлық пен жауапкершілікті де талап етеді. Өйткені, барлық адамдар бірдей ұқыпты бола бермейді. Соның салдарынан, бір жұмысты қайта қайталап істеуге тура келеді. Бұл деген үлкен сабырлық пен төзімділікті талап етеді. Еден жуу жұмысы қоғам үшін өте маңызды болғанына қарамастан, адамдар арасында маңызды, беделді жұмыстар қатарына жатпайды. Өйткені, бұл жұмыстың айлығы өте аз. Соның салдарынан болар, қоғамда еден жуушы секілді кіші қызметкерлерге құрмет көрсетпеу әрекеттері жиі байқалады. Осы уақытқа дейін еден жуушы апайлардың мерекелерде де аты аталып, марапатталып, құшағы гүлге толып жүргенін аңғармаппын.

Бізге ұстазымыз мақала жазуға тапсырма бергенде есіме еден жуушы апайлар оралды. Осындай еден жуушы апайлардың бірі Ақмарал Дүйсенқызы. Бұл кісі біздің жатахананың тазалығына жауап береді. Ақмарал апай таңның атысымен жұмысқа келіп, барлық жерді ретке келтіріп, ауланы, бөлмелерді жинайды. Бір күні бұл кісінің көңілсіз отырғанын байқап, жанына бардым. Себебін сұрап едім. Ол кісі қазіргі жастар үлкендерді, жадпы адам еңбегін бағаламайтынын айтып, ренішін білдірді. Маған қатты әсер еткені: «көпшілік еден жуушыны адам қатарына санамайды» деген сөзі. Содан бастап, байқап жүретін болдым. Расында, қыздар ол кісінің жанынан амандаспай өтетінін, тазалаған жеріне ұқыппен қарамайтынын, қоқыстарын жинамайтынын аңғардым. Сонда, бүгінгі қоғам адамның сырт келбетіне, қызметіне қарап сыйлайтынын түсіндім. Менің ойымша, адамдарды сырт келбетіне, қызметіне, мансабына қарап бағалау дұрыс емес. Адамды алаламау керек.

Қорытындылай келе айтарым, еден жуу жұмысы - кез келген жердің таза әрі әдемі болуын қамтамасыз ететін маңызды мамандық түрі. Кез келген жердің, мекеменің, білім ордасының таза әрі жайлы болуы осы мамандық иелерінің арқасында. Сондықтан, оларға құрметпен қарап, еңбектерін бағалау-біздің міндетіміз. Ешкімнің ала жібін аттамай, өз еңбегімен адал ақшасын тауып отырған еңбек адамы құрметке лайықты. Жұмыстың жақсы, жаманы жоқ, бастысы сол жұмыс арқылы біреуге зияның тимесе болды.

Адина ШАМА, 1-курс студенті.

БЕЙБІТ ЕЛДЕ ҚАЗА БОЛҒАН ЖАУЫНГЕРЛЕР ЖАЙЫ АЛАҢДАТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы үндеуінде әскердегі әлімжеттікке қарсы екенін алға тартып, бұл бассыздықтарды қатаң қадағалауды тапсырды. Заңсыздыққа жол бергендерді қатаң жазалауға уәде етті. 2020-2023 жылдар аралығында әскердегі өлім саны 270-ке жетті. Оның 36%-ы аурудан, 24%-ы көлік апатынан, 20%-ы суицидтен болды. Әскердегі өлім мәселесі біраз жылдар бойы талқыланып келеді, бірақ осы жылы Ербаян Мұхтардың оқиғасынан кейін бұл мәселе қоғамда және БАҚ арасында қызу талқыға түсті. Қазақстан Қарулы Күштерінің министрі Сәрсенғалиев мырза сенат залынан шығып бара жатқанда журналистің: «Енді әскерде қандай қауіпсіздік шаралары болады және балаңызды әскерге жібересіз бе?» деген сұрағына жауап берді. Министр былай деп жауап қатты: «2024 жылдан бастап әскерде 12 мыңнан астам камера орнатылады және жауынгерлерге аптасына 2 рет ата-анасымен видео байланыс арқылы сөйлесуге рұқсат етіледі. Ал өз баламды әскерге жіберемін және халықты үрейден аулақ болып, балаларын борышын өтеуге жіберуге шақырамын». Елімізде туымыз бен елтаңбамызды қорғап, шекарамызды тұтастықта ұстап жүрген азаматтарымыздың саны аз екенін біле отырып, жастарымызды үркітіп алуға шебер болғанымыз әлі де таңғаларлық жайт.

Бексұлтан МЫҢЖАСАР,
1-курс студенті.

ЕГЕМЕН ЕЛІМНІҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН БОЛСЫН!

25 қазанда Қазақстан Республикасының күніне орай, Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің алдында мерекелік шара өтті. Таңғы сағат 10:00-де басталған іс-шара республика күніне арналған ерекше рухты атмосферада өтті.

25 қазан күні елімізде Республика күні аталып өтеді, ол 13 жылдан соң қайта «оралған» ұлттық мереке болып табылады.

Республика күні алғаш рет 1995 жылы мемлекеттік мереке ретінде жарияланып, 2009 жылы алынып тасталған, ал 2022 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен қайта енгізілді.

Бұл күн 1990 жылы Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның қабылдануымен байланысты, ол Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі негіздерін бекітті. Республика күні - бұл еліміздің мемлекеттілігі жолындағы алғашқы тарихи қадам.

1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі тәуелсіз Қазақстанның бірінші құқықтық құжаты - Республиканың егемендігі туралы декларацияны қабылдап, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негізін жариялады.

Егеменді мемлекеттіліктің негізгі қағидаттары ретінде мыналар белгіленді: біртұтас мемлекет, аумақтың тұтастығы, бөлінбейтіндігі мен қол сұғылмаушылығы, қазақ халқының және Қазақстанның басқа да халықтарының өзіндік мәдениетін, дәстүрлерін, тілін жаңғырту және дамыту, ұлттық бірегейлікті нығайту.

Бүгінде біз Қазақстанның саяси және экономикалық салалардағы, сондай-ақ оның әлемдік аренадағы жетістіктерін мақтанышпен атап өтеміз.

Осы атаулы күні Отанымыз - Қазақстан Республикасына өркендеу мен амандық тілейміз, халықтың бірлігі, татулығы мен келісімі біздің мемлекеттілігіміздің мәңгілік берік тірегі болсын. Айта кету керек, бұл мерекелік шара жұртшылыққа ерекше әсер қалдырып, елге деген ыстық ықылас пен мақтаныш сезімін арттыра түсті. Қазақстан Республикасының күні әрбір азаматтың жүрегіне патриоттық рух пен елге деген сүйіспеншіліктің нұрын септі.

Бексұлтан Мыңжасар,
1-курс студенті



БІЛІМ КӨКЖИЕГІН КЕҢЕЙТКЕН

«Орхун» бағдарламасы

«Орхун» бағдарламасы – Түркі елдері университеттері одағына мүше университеттер арасында студенттер мен оқытушылардың алмасуын көздейтін халықаралық академиялық бағдарлама. Бұл бағдарлама түркі елдерінің білім беру жүйелерін жақындастырып, жоғары оқу орындарының сапасын көтеруді және олардың халықаралық стандарттарға сәйкес болуын қамтамасыз етеді. Орхун білім алмасу бағдарламасы 2017 жылы бастау алған болатын. Бағдарлама іске қосылған алғашқы жылдары барлық мүше университеттерден студенттер мен оқытушылар белсенді қатысты.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасының басты мақсаты – қазақстандық жоғары білімнің халықаралық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оның сапасын жақсарту. Осы бағдарламаның арқасында студенттер мен оқытушылар шетелдік серіктес жоғары оқу орындарында білім алып, ғылыми зерттеулер жүргізе алады. Бағдарлама, әдетте, шектеулі мерзімге – бір семестр немесе бір оқу жылына арналған.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде бірнеше академиялық алмасу бағдарламалары жұмыс істейді. Атап айтқанда, «Орхун», «Мевлан», Erasmus+, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттары, екіжақты келісімшарттар және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламалары.

«Орхун» бағдарламасы үш негізгі бағытта жүзеге асырылады. Яғни, нақтыласақ, Түркі мемлекеттері ұйымына мүше және бақылаушы елдердегі жоғары оқу орындарының білім саласын біріктіру мақсатында жүзеге асырылады. Сондай-ақ, студенттер мен оқытушылардың академиялық және еңбек ынтымақтастық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Мұндағы мақсат мүше елдердегі мәдени құндылықтармен танысу және ортақ мәдени сананы дамыту. Бұл бағдарлама түркі елдері ұйымының білім беру жүйесін жақсартып, елдер арасындағы интеллектуалдық байланыстарды нығайту көзделеді. Алғаш рет 2018-2019 оқу жылында 66 адам, ал 2019-2020 оқу жылында 64 адам осы бағдарламаның қатысушысы болды. Екі жыл ішінде бағдарлама арқылы 130 адам білім алып, тәжірибе жинақтауға мүмкіндік алды.

Алайда, пандемия басталуына байланысты 2020 жылы бағдарлама уақытша тоқтатылды. 2021 жылы Түркістанда Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде өткен Түрік университеттері бірлестігінің IV Жалпы құрылтайында бағдарлама қайта жаңғыртылып, үйлестіру Манас атындағы Қырғыз-Түрік университетіне берілді. 2022 жылдың көктемгі семестрінде 318 студент пен оқытушы бағдарламаға өтініш берді, олардың 58 студент пен 48 оқытушы қатысуға мүмкіндік алды.

2022-2023 оқу жылының күзгі және көктемгі семестрлерінде 108 студент пен 61 оқытушы алмасуға қатысты. Қазіргі кезде бағдарламаға Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Солтүстік Кипр Түрік Республикасы және Түркиядан 110 университет мүшелік етеді.

Бағдарламаға қатысушыларға қандай талаптар қойылады? Енді соған тоқталайық. Орхун бағдарламасы бойынша студенттердің жалпы академиялық үлгерімі төрт баллдық жүйеде кемінде 2,5 болуы тиіс. Студент алмасу мерзімі бір семестрден екі семестрге дейін созылады. Бағдарлама шеңберінде жіберуші университет студенттің жол жүру шығындарын өтейді, ал қабылдаушы университет тұру және тамақтану шығындарын өз мойнына алады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық университетте Орхун бағдарламасының оң әсері байқалуда. Мысалы, 2022-2023 оқу жылының күзгі семестрінде университеттің журналистика мамандығынан алғаш рет Еге университетіне Журналистика мамандығы 4 курс студенті Сейтжаппар Уа-хит, көктемгі семесрінде Берекешева Ақерке, Тәжібай Назерке, Сәрсенәлі Жансая, Арысбекова Нұрай барып қайтты. "Орхун бағдарламасы арқылы Қазақстаннан Түркияға бір семестрге оқуға бару мен үшін өмірімдегі ең үлкен мүмкіндіктердің бірі болды. Бұл тек жаңа білім мен дағдылар алу ғана емес, сондай-ақ жаңа мәдениетті терең түсіну, адамдармен жақын араласу және жаңа ортаға бейімделу секілді маңызды тәжірибеге айналды" дейді Уахит Сейтжаппар.

Халықаралық байланыстар департаменті «Орхун» бағдарламасының координаторы Төлеген Гүлшат Кәдірбекқызының сөзінше, университетімізге

жыл сайын келетін және алмасатын студенттер мен оқытушылар саны артып келеді екен. Бұл бағдарлама университетіміздің беделін арттырып, халықаралық деңгейдегі танымалдығын көтеруге ықпал етуде. Бағдарламаның басты мақсаты тек қана білім беру саласындағы айырмашылықтарды азайту емес, сонымен қатар түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастық пен мәдени әріптестікті нығайту болып табылады.

Мына кестедегі көрсеткіштер «Орхун» бағдарламасының тиімділігін және оның мүше универ-ситеттер арасында білім беру мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін маңызды құрал екенін көрсетеді.

Қорытындыласақ, түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытуға және студенттер мен оқытушылар үшін жаңа мүмкіндіктер ашуға септігін тигізуде. Орхун бағдарламасы аясында жүргізілген алмасулар біздің университетіміздің халықаралық аренада бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, мәдениетаралық диалог-ты күшейтуге, сондай-ақ, студенттердің білім мен тәжірибе алмасуына мүмкіндік береді. Сонымен, Орхун бағдарламасы университетіміздің білім беру жүйесінің сапасын жақсартуға, халықаралық ынтымақтастықты дамытуға, сондай-ақ, университетіміздің имиджін арттыруға елеулі үлес қосуда. Бұл бағдарламаның нәтижелері біздің университетімізді түркі әлемінде таны-мал оқу орнына айналдыруда зор маңызға ие.

Нұрай АРЫСБЕКОВА,
4-курс студенті.

Жыл	Оқытушылар (Келген)	Оқытушылар (Ауысқан)	Студенттер (Келген)	Студенттер (Ауысқан)
2017-2018	1	0	3	4
2018-2019	0	0	9	7
2019-2020	0	0	2	3
2021-2022	3	5	3	5
2022-2023	0	21	1	16
2023-2024	16	0	17	35
2024-2025	4	0	17	26

Актив
Чтобы акт
"Парамет

САХАДАН КЕЛГЕН СТУДЕНТ

Құшағы кең қазақ жерінде 130-дан астам ұлт өкілдері бір шаңырақ астында өмір сүріп жатыр. Еліміздегі ұлыстар арасындағы татулық басқаларға үлгі. Қазақстандағы ең көне қалалардың бірі-киелі Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті-білімнің ұлт таңдамайтынының айқын дәлелі. Білім ордамызда 17-ден астам ұлт өкілдері білім алуда. Университетімізге сонау Саха елінен (Якутиядан) білім алу мақсатында келген Дьяконова Ната-льямен сұхбаттасқан едім. Натальяның мамандығы - журналистика. Ол бұл мамандықты өзі қалап, таңдап түскенін айтты. Неліктен Қазақстанды, дәл осы университетті таңдадың? деген сұраққа жа-уабы: «Мен әрдайым шетелде оқуды армандайтынмын. Қазақстанды таңдаудағы басты себебім-бәріміз-түбі бір түркі халықтарымыз, салт- дәстүрлеріміз, мәдениетіміз ұқсас. Ясауи университетін таңдауыма басты себеп мен тек журналист болып қана қоймай, өзге тілдерді де меңгергім келді. Бұл университет 4 тілде білім беретін болғандықтан, таңдауым осы ЖОО-ға түсті" деп жауап берді. Натальяның айтуынша, ата-анасы оның шешімін қолдапты, әрі әкесі Қазақстанға қызығып, болашақта Қазақстанға келуді жоспарлап жүр екен.

Қазақстанда өмір сүріп жатқанына 2 жыл болған Наталья университетті тәмамдаған соң, осын-да қалғысы келетінін, болашағын Қазақстанмен байланыстыратынын жасырмады. Оның сөзінше, Қазақстанда даму үшін мүмкіндіктер көп.Осылайша, елімізде өмір сүріп жатқан саха қызынан сұхбат алу арқылы еліміз - мүмкіндіктер мекені екеніне көзім жетті.

Қорытындылай келе, әртүрлі этнос өкілдеріне «Отан» болып отырған мемлекетіміздің басты құндылығы - бейбітшілік пен келісім екендігін ұғындым.

Қуан АҚЖАН,
1-курс студенті.



ГАЗЕТТИҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



YTB Başkanı Sn. Abdullah Eren, TİKA Başkanı Sn. Serkan Kayalar ve Mütevelli Heyet Başkanımız Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Çalışma Toplantısında Bir Araya Geldi

YTB Başkanı Sn. Abdullah Eren, TİKA Başkanı Sn. Serkan Kayalar ve Mütevelli Heyet Başkanımız Prof. Dr. Muhittin Şimşek, çalışma toplantısında bir araya geldi.

Toplantıda, Ahmet Yesevi Üniversitesi merkezli yapılacak projeler değerlendirildi.

Kazakistan Cumhuriyeti Ankara Büyükelçisi Sn. Sapiyev Yerkebulanv, Mütevelli Heyet Başkanımız Prof. Dr. Muhittin Şimşek'i Ziyaret Etti

Kazakistan Cumhuriyeti Ankara Büyükelçisi Sn. Sapiyev Yerkebulanv, Mütevelli Heyet Başkanımız Prof. Dr. Muhittin Şimşek'i ziyaret etti. Ziyarette Üniversitemizin mevcut durumu ve olası iş birliği hususları değerlendirildi.



Türkiye Cumhuriyeti kuruluşuna bugün 101 yıl to'ldi



Türkiye Cumhuriyetine 1923 - yılning 29 - oktabri kuni asos solindi.

Bugun Türkiye Cumhuriyetining tavallud ayyomi nishonlamoqda. Bundan roppa - rosa 101 yil muqaddam, 1923 - yılning 29 - oktabri kuni to'p otishlari va katta xursandchilik bilan butun dunyoga e'lon qilingan Türkiye Cumhuriyeti tashkil topdi. O'smon imperiyasining Birinchi Jahon urushida mag'lubiyatga uchrashi va mamlakat tuproqlarining g'alaba qozongan davlatlar tomonidan talon - taraj etilishi, mamlakatda katta tashvish uyg'otdi. Shunda, milliy qahramonlar sifatida tashkil etilgan va Mustafa Kemal Atatürk yetakchiligida birlashgan Milliy kuchlar, ozodlik kurashini boshlatdi. «Aholi sonining ko'pchiligi turk millatiga mansub kishilar istiqomat qilgan mintaqalar, Turk chegarasi sifatida qolishi kerak», - degan

fikr bilan boshlatilgan kurash natijasida, 1922 - yılning 30 - avgusti kuni Bosh qo'mondonlik maydon kurashida g'alabaga erishildi va ishg'olchi kuchlar bugungi kundagi Türkiye tuproqlaridan haydaldi.

Tinchlik muzokaralari yordamida bosib olingan Istanbulning qutqarilishi, ortidan Lozanna tinchlik shartnomasi bilan O'smon imperiyasi tarix sahifalaridan o'chirilar ekan, yangi Türkiye Cumhuriyeti tarix sahifalaridan o'z o'rnini oldi. 1923 - yılning 29 - oktabrigha qadar davom etgan muzokaralardan keyin, Respublika e'loni va Anqaraning poytaxtga aylanishi butun dunyoga ovoza qilindi. Shunday ekan Respublikamizning tashkil topishini nishonlagan ushbu muazzam kunda, Mustafa Kemal Atatürk va Milliy kurashimizning qahramonlarini hurmat va rahmat ila yodga olamiz.

Ahmet Yesevi Üniversitesi'nde Türkistan'daki Çocuklar İçin Sünnet Töreni Düzenlendi



Ahmet Yesevi Üniversitesi'nde bu yıl geleneksel hale gelen sünnet töreni coşkulu bir atmosferde gerçekleştirildi. Türkistan bölgesindeki 200 çocuğun sünnet edildiği törende, çocuklar ve aileleri için unutulmaz bir gün yaşandı.

Törene, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr.

Muhittin Şimşek'in yanı sıra Türkiye Cumhuriyeti Türkistan Başkonsolosu İlker Pak da katıldı. Prof. Dr. Şimşek, törende yaptığı konuşmada, üniversitenin Türk dünyasına hizmet etmeye devam edeceğini ve bu tür sosyal etkinliklerle bölgedeki halkla yakın ilişkilerin daha da pekiştiğini vurguladı.

Kentav'ın 69. Kuruluş Yıldönümünde Prof. Dr. Naci Genç'e Ödül



Kentav'ın 69. kuruluş yılı dönümü etkinlikleri çerçevesinde, üniversitemiz Rektör Vekili ve Mühendislik Fakültesi Dekanı Prof. Dr. Naci Genç, şehir yönetimi tarafından önemli bir ödüle layık görüldü.

Mühendislik Fakültemiz ve Hazırlık Okulumuzun Kentav'da yürüttüğü başarılı çalışmalar ve şehre olan katkılarının takdir edildiği törende, Prof. Dr. Naci Genç, şehir yönetimi tarafından ödüllendirildi. Kentav'ın ekonomik, sosyal ve bilimsel gelişimine sunduğu katkılarla bilinen üniversitemiz, bu ödül ile şehirle olan iş birliğini daha da güçlendirdi.

Prof. Dr. Naci Genç, ödül töreninde yaptığı konuşmada, Kentav ile kurulan bu güçlü bağın kendileri için çok değerli olduğunu vurguladı. Fakülte olarak kentle gerçekleştirdikleri projeler sayesinde sadece akademik başarıya değil, aynı zamanda toplumsal gelişime de katkı sağladıklarını belirtti. Kentav'ın gelişimine katkıda bulunmaya devam edeceklerini ifade eden Genç, üniversitemizin ve fakültemizin yeni projelerle şehirdeki etkisini sürdüreceğini dile getirdi.

Üniversitemizde «Tarihi ve Edebi Metinlerde Türkistan» Kitabının Tanıtım Töreni Gerçekleştirildi

Üniversitemizde «Tarihi ve Edebi Metinlerde Türkistan» kitabının tanıtım töreni gerçekleştirildi. Kitabın editörleri, Prof. Dr. Cengiz Tomar ve Prof. Dr. Bülent Bayram'ın katıldığı tören, akademik personel, idari personel ve öğrenciler tarafından ilgiyle izlendi.



Üniversitemiz Dış Hekimliği Öğrencileri Kazakistan'da Düzenlenen Bilim Yarışmasında Ödül Kazandı



Üniversitemiz, Dış Hekimliği alanında Kazakistan'da düzenlenen bilim insanları yarışmasında büyük bir başarıya imza atarak ödül kazandı. Yarışmada ödül kazanan öğrencilerimizi, onları bu zorlu süreçte hazırlayan ve destek veren değerli akademisyenlerimizi tebrik ediyoruz. Kazanan tüm ekibimizi kutluyor, başarılarının devamını diliyoruz.

ЕҢБЕК АДАМЫН АРДАҚТАУ-ҚАСИЕТТІ БОРЫШЫМЫЗ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Қазақстан халқына кезекті жолдауында”Әрбір азаматымыз әсіресе жастар ең қасиетті құндылықтарды бойына сіңіруі қажет”-деп көрсеткен. Осы орайда қаламыздағы Өзірет Сұлтан ұлттық тарихи мәдени музейінде ”Еңбек адамы”бағдарламасы бойынша кезекті іс-шара Республика күнімен,кітапхана күніне сәйкес келді. Кешті музей деректоры Мәулен Садықбеков ашып, қонақтарды Республика және кітапхана күнімен құттықтады. Іс-шараны музейдің ғылыми зерттеу бөлімінің басшысы Берік Байбол жүргізді.



Кеш қонақтары бұрынғы кітапхана меңгерушілері,ұлағатты әжелер:Сержанова Раушан Нұрпейісқызы,Сартбаева Қымбатгүл Тінейбайқызы.Алдымен зейнеткерлердің қызмет жолдары туралы бейнебаян көрсетілді.Сержанова Раушан-Қыздар Мемлекеттік Педагогикалық Институтының кітапхана және библиография мамандығын 1970 жылы бітірген.Жұмыс өтілі 38 жыл.Ұзақ жылдар бойы кітапханашы қызметінде болған.ҚР еңбек сіңірген қызметкері. Қымбатгүл Сартбаева 40 жыл музей қызметкері,және кітапханашы болған.Алматы қаласындағы Қыздар Педагогикалық Институтын бітірген. Кеш кейіпкерлеріне көптеген сұрақтар қойылды. Солардың бірқатары мыналар:

- 1.Не себепті осы мамандықты таңдадыңыздар?
- 2.Қызметте жүргенде қандай қиындықтар болды?
- 3.Кітапханада ең көп отырған жастар естеріңізде ме?
- 4.Қазіргі заманауи кезеңде жастарға кітапханада кітап оқу қажет пе?

Кеш қонақтары 90-жылдары кітапханалардың жабылуы,кітапханашылардың еңбек ақысындағы келеңсіздіктер жөнінде сауалдар жолдады.Қаншама кітапханашы қызметін тастап кеткен.Ол жылдары еңбек ақысының орнына ұн,макарон берілген.Кітапхана ғимаратты суық,жылусыз болған.Кейбір ауылдық кітапханалардан жыландар шыққан.Мамандығын мақтаныш көрген екі кітапханашы да қызметтерін тастамай зейнетке шыққан.Кітапханаға ең көп келетін оқырмандардан айтыскер ақынымыз Б.Шойбековтың аты аталды.Суық болса да кітапханада үнемі отыратын,қиындыққа мойымай кітапты бойтұмар еткен оқырмандардың өмірден ойып орын алғаны мақтаныш. Іс-шараға қатысқан қалалық әйелдер алқасының төрайымы-Ұ.Мұстафаева сол қиын кезеңде Түркістанда 63 кітапхана жабылып,оның 42-сі қайтадан ашылғанын айтты. Іс-шараға музей зейнеткері Б.Зиябекова, кітапханашылар мәдениет үйінің қызметкерлері,қалалық әжелер алқасының мүшелері қатысты.

Қазіргі жастардың кітапқа қызықпайтыны туралы айтылғанда шынымен біз телефонға таңылып кітап оқуды қойғанымыз расында ұят екен деген ұғымға келдім.Кітап-рухани жан дүниені байытатын құрал. Расында, кітап берген білімді телефоннан ала алмаймыз.Осы бір ескерту өтініштер жастарды кітап оқуға қайтару,оқырмандар кездесуін жиі өткізу туралы ойлана келе өзім үшін де достарым үшін де ұялдым.Мемлекет және қоғам қайраткері, Өбіш Кекілбаев айтқандай: «Адамды адам еткен-кітап,адамзат еткен кітапхана» екенін естен шығармасақ жөн болар.

Ермұхамед ӘУБӘКІР,
1-курс студенті.

“ҚАЖЫМҰҚАН” ФИЛЬМІ - КӨРЕРМЕН ЖҮРЕГІНЕН ЖОЛ ТАПТЫ

Бұл фильм қазақтың ұлттық батыры Қажымұқан Мұңайтпасовтың өмірі мен күрескерлік жолын баяндайды .Боз бала Мұқанның қалай Қажымұқан атанып, күллі әлемге танымал болуын фильмде жоғары бейнелеген.Кино залға кіргеннен-ақ бөлек сезім баурап алды.Әрбір сәт адам бойын жігерлендіріп,кеудеге мақтаныш бойлайды.



Байқағаным кино залда 5-10 жас аралығындағы балалар көбірек болды .Ал бұл еліміздің болашағы үшін пайдалы бо- лары сөзсіз.Фильмнің басты мақсаты да осы болатын.Шетел фильмдеріндегі “Супермендерге” емес,қазақтың алып күшті балуандарына қызықсын деген идеямен түсірілген. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтар,бірлік ,қайраттылық және Отанға деген махаббат көрсетілімнің мәні болды. Қажымұқанның күресі арқылы халықтың , бірлігі мен рухы көрсетілді.Бірақ, кеңес үкіметіне қолындағы барын беріп,қартайғанда ешкімге керек емес болып қалғаны фильмдегі ең өкініштісі еді.

Қорытындылай келе,қазақ халқының тарихын мәдениетін және ұлттық мақтаныштарын көрсететін маңызды туын- ды болды.Бұл фильм тек спорт туралы емес ,сонымен бірге ұлттық бірлік ,азаматтық борыш және Отанға деген сүйіспеншілікті жоғары деңгейде көрсете алды.Қажымұқан Мұңайтпасовтың өмірі мен күресі -болашық ұрпаққа үлгі болатын рухани мұра.

Нұрғайша Қайбуллаева,
1-курс студенті

Ясауи университеті УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ	Медиа және PR орталығы	Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды	Газетті есепке қою ту-ралы №11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Бай-ланыс және ақпарат министрлігі берген. 2019 жылдың қаңтарынан бастап « Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.
Газет 1995 жылдан шыға бастады	Тілшілер: Журналистика студенттері	кафедрасының	
Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	Фото маманы: Нақып Шынтеміров		
Редактор: Жанар Бейсенбаева			
Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru			